



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Мемлекет басшысы «Бәйтерек» ұлттық холдингінің төрағасын қабылдады



Мемлекет басшысы «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі АҚ басқарма төрағасы Қанат Шарлапаевты қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа 2023 жылдың I жартыжылдығындағы «Бәйтерек» холдингі қызметінің нәтижелері, соның ішінде кәсіпкерлерді, агроөнеркәсіп кешенін қолдау және халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі бастамалардың іске асырылу барысы туралы баяндалды.

Президентке ұсынылған мәлімет бойынша ірі бизнесті қаржыландыру көлемі 114,4 млрд теңге. Холдинг «Даму» қоры арқылы шағын және орта бизнесті дамытуды белсенді қолдайды. Қор 15 мыңнан астам кәсіпкерге қолдау көрсетті.

Жыл басынан бері «Отбасы Банк» 29 мың отбасының баспаналы болуына көмектескен. Банк баспананы жалға беруді субсидиялау бағдарламасына да белсенді қатысып келеді. Бағдарлама аясында I және II топтағы мүгедектігі бар адамдарға, мүгедектігі бар балаларды, жетім балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға және көпбалалы отбасыларға қайтарымсыз мемлекеттік қолдау көрсетілді. Бірінші жартыжылдықта аталған бағыт бойынша 9 мыңнан астам өтінім мақұлданды.

Сондай-ақ «Аграрлық несиелендіру компаниясы» АҚ арқылы жыл басынан бері 271 млрд теңгеден астам қаржы бөлініп, 9 мыңға жуық фермерге қолдау

көрсетілгені туралы хабарланды. Биыл 3,5 млн гектар жерге егін егілді. Бұл – еліміздегі барлық егін алқабының 15 пайызы. Азық-түлік қауіпсіздігін нығайту және импортқа тәуелділікті төмендету үшін ауыл шаруашылығындағы инвестициялық жобаларды несиелендіруге 131 млрд теңгеден астам қаражат бөлінді. Аграрлық секторды қаржыландыру көлемінің 70 пайыздан астамы «Аграрлық кредиттік корпорация» АҚ мен «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ға тиесілі.

Кездесу соңында Президент бизнестің ахуалын жақсартуға және әлеуметтік тұрғын үй саясатын жетілдіруге бағытталған нақты тапсырмалар берді.

ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайылов отандық тауар өндірушілерді мемлекеттік қолдау тетіктерінің тиімділігін арттыру мәселелері бойынша кеңес өткізді.

Жиынға қатысушылар тауардың Қазақстаннан шыққанын растаудың жаңа тәсілдерін қарастырды.

экспорттайтын отандық компанияларға түсетін жүктеменің азаюы мүмкін.

Жалпы, қазақстандық тауарлардың шығу тегін белгілеу тиімділігін арттыру мемлекеттік қолдау шараларын отандық адал өндірушілерге бағыттауға, локализацияның дамуын

Қазақстанда кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау тетіктері жетілдіріледі



Осылайша жеткізушілер түрлі мемлекеттік қолдау шараларына үміткер бола алатын отандық тауарлардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу ұсынылады. Тиісті өндірістік және технологиялық шарттардың, мәселен, конструкторлық құжаттаманың, өндірістік алаңдардың, жабдықтардың, білікті мамандардың және т. б. болуын бір рет растау арқылы тізілімге кіруге болады.

Мұндай тәсіл тауардың шығарылған елін айқындау туралы ақылы сертификаттар беруді, сондай-ақ импортталатын тауарлар өндірушілердің мемлекеттік қолдау шараларын алу шарттарын алып тастауға мүмкіндік береді деп күтілуде. Сонымен қатар бірқатар процесті автоматтандыру мен цифрландыру арқылы өз өнімдерін басқа елдерге

ынталандыруға, республикадағы өндірістік қуаттарды жаңғыртуға және кеңейтуге, әртүрлі тауарларға баға белгілеудің ашықтығын арттыруға, т. б. мүмкіндік береді.

Премьер-министр жаңа жүйені әзірлеуді «Атамекен» ҰКП және салалық қауымдастықтармен тығыз ынтымақтастықта жалғастыру керектігін атап өтті.

«Бизнесте қатысуын қосымша үзінді көшірмелермен растау талап етілмеуі үшін тізілімді мемлекеттік органдардың дерекқорларымен біріктіруді қамтамасыз ету қажет. Жалпы, тізілім тауардың шығу тегі туралы сенімді ақпарат беретін бірыңғай дереккөзіне айналуға және адал бизнестің мүддесі үшін жұмыс істеуі керек», деді Әлихан Смайылов.

ОРМАН ӨРТ СӨНДІРУ СТАНСАЛАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ӨРТКЕ ҚАРСЫ КИІММЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛЕДІ

ҚР Үкіметі орман өрт сөндіру стансаларының қызметкерлерін төтенше жағдайлар кезінде қосымша қорғаныспен қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдап жатыр. Тиісті қаулыға ҚР Премьер-министрі Ә. Смайылов қол қойды.

Құжатқа сәйкес, Үкімет резервінен табиғатты қорғау және орман мекемелерінің орман өрт сөндіру стансаларының қызметкерлеріне өртке қарсы киім сатып алуға 918 млн теңге көлемінде қаражат бөлінеді. Бұл 30 табиғатты қорғау және 16 орман мекемесінің қызметкерлерін механикалық жарақаттанудан, гипотермияны, агрессивті сұйық құрамдардың, жоғары температураның әсерінен



қорғауға, жұмысшылардың бастарын соққыдан сақтауға, сондай-ақ басқа механикалық әсерлерден

қосымша қорғау үшін өртке қарсы киіммен жабдықтауға мүмкіндік береді деп көзделіп отыр.

Әйгілі Лувр музейінде өтетін көрмеде «Алтын адам» қойылады

2026 жылы өтетін Париждің Лувр музейіндегі қазақ өнерінің көрмесі аясында келушілердің назарына «Алтын адам» тарихи жәдігері ұсынылады.

Ғажайып жәдігерді халықаралық деңгейде ұлттық брендке айналдыру мақсатында бұған дейін «Алтын адамның әлем музейлеріне шеруі» халықаралық жобасы әлемнің 12 мемлекетінде жүзеге асырылған.

Ұлттық музейдің хабарламасында: «2026 жылы Франциядағы Лувр музейінде Қазақстанның ұлттық көрмесін ұйымдастыру аясында «Алтын адам» мен музейдегі тарихи құндылығы бар заттар жәдігерлерді іріктеу комиссиясына ұсынылады», делінген.



«Созақ үні» - ақпарат.

Аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы Жеткіншек елді мекенінде жасалып жатқан жұмыстардың басында болып, жұмыс барысын өз бақылауына алды. Жұмыс жүргізіп жатқан мердігер мекеменің өкілдерімен тілдесіп, жұмыс

Жеткіншектегі жағымды істер



сапасына баса мән беру керектігін айтты.

Бүгінде аудан орталығының іргесінде орналасқан Жеткіншек елді мекенінде халық сұранысына орай бірқатар жұмыстар атқарылуда. Елді мекеннің 2 шақырымнан асатын орталық көшесіне көше жарықшамдары орнатылып, ел игілігіне пайдалануға берілді. Онда бұдан бөлек асфальт жабындысын төсеу жұмыстары да жүргізілуде.

БАЛДЫСУ, ҚАРАБҰЛАҚ АУЫЛДАРЫ ЖАРЫҚТАНУДА



Шолақорған ауылдық округіне қарасты Балдысу және Қарабұлақ елді мекендерінің ішкі көшелеріне жергілікті бюджет есебінен көше жарықшамдары орнатылып, ел игілігіне пайдалануға берілді. Осы ретте аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков сапар барысын Балдысу елді мекенінен бастап, жүргізілген жұмыстардың жай-күйін бақылады.

Одан соң Қарабұлақ елді мекенінде болып, онда жауапты мамандарға орнатылған жарықшамдардың тұрақты түрде жануын бақылауда ұстауды тапсырды.

Сонымен қатар, аталған елді мекендердің асфальт жабындысы төселетін ішкі көшелерін де назарға алды. Жауапты мамандарға жұмыстарды уақытылы бастап, сапасына баса мән беру керектігін айтты. Мамандардың айтуынша, асфальт жабындысын төсейтін мердігер мекеме анықталған. Бүгінде мердігер мекеме Жеткіншек елді мекенінде өз жұмысын бастады.

«Созақ үні»-ақпарат»

«ШЫРҚАСЫН СОЗАҚ ЖАСТАРЫ»



Аудан әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің ұйымдастыруымен аудан орталығындағы «Тәуелсіздік» саябағында Созақ ауданының 95 жылдығына орай «Шырқасын Созақ жастары» атты мерекелік гала-концерт өтті. Аудан өнерпаздары әсем ән орындап, өз өнерлерін ортаға салды. Мерекелік шараны тамашалауға жиналған жұртшылықтың қарасы артып, би билеп, мерекелік шараны шат-шадыман күйде тамашалады.

«Созақ үні»-ақпарат»

Аудан әкімі өндіріс басшыларымен кездесті

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков аудан аумағында уран өндіретін «Қазатомөнеркәсіп ҰАК» АҚ қарасты компания басшыларымен кездесті. Халық алдындағы жауапкершілікті бірге саралап, алда атқарылар жұмыстарды жан-жақты талқылады. Ауылдық округтер мен кенттерде демеушілік арқылы жасалатын көше жарықтандыру, аяқ жолдар, балалар ойын алаңшасы сынды бірқатар жобалар пысықталды. Сондай-ақ аудан басшысы алдағы қыс мезгілінде аудандағы әлеуметтік аз қамтылған отбасыларды қатты отынмен қамтамасыз ету мәселесін де назардан тыс қалдырмады.

Айта кетейік, биылғы жылдың басында аудан басшысы Астана қаласына арнайы іссапармен барып, «Қазатомөнеркәсіп ҰАК» АҚ компаниясының басқарма төрағасы Ержан Мұқановпен кездесті. Онда мемлекет ұстанған саясатты бірлесіп жүзеге асыруға шақырып, ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерін арттыру мақсатында іске асатын



бірқатар жобаларды ұсынған болатын.

Биылғы жылы «Қазатомөнеркәсіп ҰАК» АҚ қарасты еншілес компаниялардың демеушілігімен Шолақорған ауылынан 5 көше, Таукент кентінен 3 көше, Шу ауылдық округінің 2 көшесі мен Қылти елді мекеніне жарықтандыру жұмыстары жүргізіледі. Сон-

дай-ақ балалар ойын алаңшасы, аяқ жолдар, Шу ауылында фельдшерлік акушерлік пунктіне күрделі жөндеу, Тасты және Қаратау ауылынан «Ту тұғыры» алаңын салу сынды бірқатар жұмыстар қоса қамтылып отыр.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

"СОЗАҚ АУДАНЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ" АТАҒЫ ТАБЫСТАЛДЫ



Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Қазақ Ұлттық өнер университетінің профессоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Арқа, Қаратау күйлерін насихаттаушы, шертпе күйдің шебері Жанғали Жүзбаевты қабылдап, «Созақ ауданының Құрметті азаматы» атағын табыстап, құрмет көрсетті.

Қазақтың қара домбырасының қасиеті мен қос ішектің қоңыр үні арқылы халқымыздың тұғыры биік асыл мұрасын, рухани болмысын, дүниетанымы мен мәдениетін насихаттап, қазақ ұлтының төл

өнерін дамытуға қосқан өлшеусіз үлесі үшін алғыс айтып, алдағы күндеріне толағай табыстар тіледі.

Айта кетейік, бұл атақ Жанғали Әлімханұлына аудандық мәслихаттың өткен жылғы шешімімен берілген болатын. Аталған уақытта өзге өңірде болуына байланысты бүгін табысталды.

Жанғали Жүзбаев 1961 жылы Шолақорған ауыл округі, Қарабұлақ елді мекенінде дүниеге келген. Қазақ Ұлттық өнер университетінің «Домбыра» кафедрасының меңгерушісі, Профессор, «ҚР Мәдениет қайраткері», «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», 2013-2015 жылдары ҚР Мемлекеттік стипендиясының иегері атанған. Көптеген ғылыми-зерттеу жұмыстары жарық көріп, түрлі дәрежедегі медалдармен марапатталған.

«Созақ үні»-ақпарат»

Келелі мәселелер кеңесілді

Шолақорған ауылдық округінің мәжіліс залында учаскелік полиция инспекторлары 2023 жылдың 6 айында ауылдық округ көлемінде атқарылған жұмыстары туралы тұрғындарға есеп берді. Есеп беру жиынында күн тәртібіне мынадай мәселелер көтерілді: Шолақорған ауылында Қылмыстың алдын алу; Жол көлік оқиғаларының алдын-алу. Сонымен қатар, «Ауыл Аманаты» пилоттық жобасы аясында ауыл тұрғындарының тұрмысын арттыруға арналған 2,5% құрайтын жеңілдетілген несие туралы ауыл әкімдігі мамандарының баяндамасы тыңдалды. Тағы да өндірістік мекемелердің демеушілігі есебінен қажетті техникалық мамандықтар бойынша жоғарғы оқу орындарына ақылы түрде шәкіртақымен қоса оқуға түсу-



ге және ақылы түрде оқып жатқан студенттерге демеушілік жасау жайы сөз болды. Сондай-ақ, ауылдық округтегі басқа да өзекті мәселелер талқыланды. Тұрғындар тарапынан көтерілген мәселелерге қатысты сауалдар қойылып, ұсыныс-пікірлер айтылды!

Данияр БЕК.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның төрағасы Ерлан Қарин облыстағы барлық қала, аудан, ауылдық округ, кент әкімдеріне қуғын-сүргінге ұшыраған адамдардың ұрпақтарынан естелік-әңгімелер мен мәліметтерді, құжаттарды фотоларды жинақтау бойынша тиісті жұмыстарды жүргізуді тапсырған. Осыған орай аудан, қалалардағы өңірлік комиссия мүшелері жергілікті байырғы тұрғындармен кездесіп естерінде сақтаған әңгімелерін жазып

мәлімет ұлы Әбдіраштан қалған естеліктерді қағазға түсірген Бабақұлдың немересі Садық Әбдірашұлынан алынды.

Бабақұл имамды 1937 жылы ұстап әкеткенін ескерсек шамамен 1881 жылы дүниеге келген. Бабақұл жеті жасында әкесі, көп ұзамай шешесі қайтыс болып жастайынан қиындықты көп көріп өседі. Жасында Бабата медресесінде сауатын ашып, соңынан Бұхарадағы әлемге аты жайылған Көкілташта жалғастырады. Бірақ жастай жетім қалған

барлығы пітір-зекеттен түскен қаржының есебінен жұмсалып отырған» деген бірнеше мәліметті жазып қалдырған. Сонымен қатар Бабақұл тек имам болып қана қоймай ел ішіндегі дау-жанжал мен ұрлық, барымтаны шешіп, жазықсызды жаладан аман алып қалған кездері болған екен. Ел аузында қалған сондай оқиғаның бірі Батырбай палуанның жазадан аман қалуы еді. Ол уақыттары бүкіл Саудақент, Бүркітті, Талас, Жайылма, сонау Шуға дейінгі құм мен жалпақ жатқан жазықтық да-

Әділбектің бұл ісіне намыстанған Батырбай болыстың кісенде тұрған, бәйгеге жаратып жүрген, алдына қара салып көрмеген бәйге атын ұрлап ауылына апарып етін жоқ-жітікке таратып береді. Елдің аузы жылы жұмсаққа тиген соң болғай жайды ауыл ақсақалдарына айтып «болыстың адамдары келсе, менің бір үйір жылқымды беріңдер» деп, өзі Сыр бойындағы жекжаттарына бой тасалау үшін кетіп қалады. Келер жылы үлкен ас берілетіндігін айтып, бүкіл елге сауын айтылады. Осы

Сонда аталы сөзге тоқтаған Әділбек «Батырбайдың күнәсін кештім, құрметті имам, тілің өткір екен, ұрының ұрлығын өзің тиярсың» деп Әділбек болыс мәрттік жасап, әрі Бабақұлды тентектің тентектігін тиюға қарыздар етіп, өзінің абыройын арттырады. Аста таллай палуандармен белдескен Батырбай барлығын да жығып, «Дүйім елдің ортасында намысымды қорламақ болған содырдан арашалап қалдыңыз, бас бәйгеге алған қараны сізге сыйға тарттым, енді өмірімде ұрлықты да,

Атабайұлы Бабақұл имам

алуда. Осы орайда біз Бабата ауылында ғұмыр кешкен ғибратты ғұмырын кітапхана саласына арнаған Бабақұлов Әбдіраш көкемізден көзі тірісінде естіген әңгімелерін негізге алып төмендегі естелікті жазып отырмыз. Қазақ даласында бұрын-соңды болмаған 1932 жылғы зұлмат, ашаршылық пен індет бүтін қазақ даласына жойқын апат әкелгені тарихтан белгілі. Бұл жылдар елдің есінде мәңгілік «отызыншы жылғы аштық» немесе «Мешін жылы болған опат» деген атпен қалған. Көнекөз қариялар «Жұт жеті ағайынды болып келсе, апат алты ағайынды болып келеді» деп еске алатын болған екен.

Бұл жылдардың зардаптары өте ауыр болғаны тарихтан белгілі. Демографиялық ахуал күрт төмендегені соншалық Орта Азиядағы ең үлкен жұрт болып келген қазақ халқының саны бірден 4 млн ға кеміді. Себебі 1924 жылы «Еңбекші қазақ» газетіне Әлихан Бөкейхан жазған мақалада 1914 жылғы есеп бойынша 6 млн 470 мың қазақ болса 1937 есеп бойынша 2,1- млннан сәл ғана асып жығылды. Әрине мұның барлығына сол кездегі «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деп ұрандаған Голощекиннің саясаты себеп болды. Салдарын әлі күнге дейін тартып келе жатқан жайымыз бар. Голощекиннің бұл саясаты 1929-1931 жылдары шаруалардың 80 мыңнан аса адам қатысқан 380 рет бұрқ ете қалған көтерілісіне тап болды. Халқымызда «Күн бір жауса, терек екі жауады» деген сөз бар. Сондай көтерілістің бірі Теріскейде жатқан 1930 жылдың ақпанында болған Сөзақ көтерілісі болатын. Көтеріліс кезінде 400-ден астам адам өлтіріліп, қолында қаруы бар 200 белсенді сол жерде тағы атылып, 389 адам тұтқынға түседі. Көтеріліс кезінде жазалап үлгермегендерді 1937 жылдың сүргініне іліктіріп жібереді. Сол кездегі Сырдария Губкомның арнайы дайындаған баяндамасында: «Көтерілістің басты ұйымдастырушылары жергілікті байлар мен молдалар» деген жалған қорытынды жасалып, осының нәтижесінде жаппай қара тізімге алу, ишандар мен молдаларды, қожаларды қуғындау басталды. Осы қуғын, сүргінді Бабата ауылында отырған Атабайұлы Бабақұл имамда көрді. Бабақұл имам туралы негізгі



Бабақұл бұл медресені толық аяқтай алмады. Өзінен үш жас үлкен ағасы Немерекұл екеуі күнге бетке ұзатылған әпкесін паналап Шаянға барады. Әпкесінің қолында жүріп бес жыл Шаян қаласындағы медреседе әйгілі Аппақ ишаннан білім алып, оқуын Бұхарада жалғастырады. 1889 жылы Аппақ ишан Бұхар медресесінде оқып жүрген Бабақұлды «Енді қалғанын өзім оқытамын» деп қолынан жетектеп ауылына алып келеді. Біршама уақыттан соң қазіргі Сарысу ауданына қарасты Жайылма ауылына имам болып қызмет атқарады. Бабақұл имам мешітке түскен пітір садақа, зекетті жетім-жесір, жарлы-жақыбай бөліп, қалғанын мешіттің қажетіне жұмсап отырған. Алыстан келген жолаушы, жол торыған қарақшыдан зұлымдық көргендер, алданғандар шарифаттың әділ шешімін іздеп Бабақұл имамға келетін болған. Бұл кезде Бабата мешітінің жанынан салынып жатқан медресе құрылысы аяқталып онда шәкірттер оқи бастаған кез еді. Бұл медресе қарт Қаратаудың теріскейіндегі алғашқы ашылған оқу орындарының бірегейі еді.

Бабақұл имам туралы естелікті ұлы Әбдіраш былайша жеткізеді: «Әкем Бабақұл жоқшылықтың зардабын әбден тартып, аш-жалаңаш өссе де алдына судай ағып келіп жатқан мал мен дүниені өзі ғана пайдаланып, шайқап ішкен адам емес. Мешітке түскен барлық пітір-зекетті мүсәпірлерге, жарлы-жақыбайларға үлестіріп, қалғанын мешіт қажетіне жұмсап, жаратып отырған. Жетім балалардың жатып оқитын жайы, асауқаты, медресе құрылысын жөндеу және оны кеңейту

ла сол уақытта бетіне жан жолап көрмеген Әділбек болысқа қарайды екен. Ал Батырбай болса өзі кедей, әрі сері, барымташы болған. Арқа елінен жылқы барымталаса дерегі Батырбай ауылынан шығатын болған. Батырбайдың серілігін ағайыны болса да Әділбек болсы жақтырмаған.

Бір жолы Батырбай

асқа шақырылғанның бірі Батырбай палуан келе жатқанда жол торуылдаған Әділбек болыстың адамдарына қолға түседі. Бетінен ешкім қағып көрмеген болысқы «Әй!» деп айтар адам табылмаған соң Бабақұл жігіттерін атқа қондырып, Әділбектің ордасына барып түседі. Екі қолын байлатып, қамшымен тартып қалғанда қолын қағып жібереген соң қамшының ұшы Батырбайға емес палуанды ұстап тұрған атқосшының қолына тиеді. Сонда Бабақұл болысқа: - Датым бар болыс. Сіз жамандыққа бет бұрып, орынсыз жаза тақалы тұрсыз. Мен сіздің жағдайыңызды түсінемін. Батырбайдың да жағдайымен қанықпын. Естір болсаңыз айтарым бар деп тоқтатады. Сонда көкпен таласқан қыранның дауысындай шаңқ еткен дауысына салып былайша толғай жөнеліпті.

Қанша ыстық болса да, Бұлт шалмайтын шуақ жоқ.

Қанша қымбат болса да, Жұлынбайтын қияқ жоқ. Бұрыннан қалған бір



нағашысының ауылына қыдырып барады. Сол түні нағашысының бір үйір жылқысы жоғалып, жылқыға жиендік жасаған Батырбай жалаға ілінеді. Ал шындығында бұл жолы сері ақ еді. Жылқысын іздеген жоқшылар Батырбай ауылын іздеп таппаған соң Әділбекке Батырбайды жұмсаған сенсің деп жағасына жармаса кетеді. Бұған шыдамаған Әділбек істің ақ қарасын анықтамай жатып Батырбайды алдыртып жеті атасына жетердей етіп ауыр сөздер айтады. Бірақ бұл уақытта жылқының дерегі басқа жақтан шығып қойған еді.

мақал,

«Қанша жүйрік болса да, Сүрінбейтін тұяқ жоқ.» Отансызда тұяқ жоқ, Опасызда сияқ жоқ. Қас наданға сұрақ жоқ. Шыңыраудан шықпаса, Тартылмайтын бұлақ жоқ. Сәулесін күн шалмайтын, Мәңгі жанар шырақ жоқ. Көкірегі көрілген, Өзімізде құлақ жоқ. Өлім біреу болғанда, Өмірде екі тұмақ жоқ. Өзі ұялып ұққанды, Өмірі бойы құмақ жоқ. Әркімде бар бір арқан,

Сыймайтынды бумақ жоқ, Болысеке деп тоқтайды.

барымтаны да қойдым. Хақ жолына түстім, уадем осы» деп имамның алдында тізесін бүккен екен.

Қазан төңкерісінен алдын сол кездегі көнекөздер арқылы мына бір оқиға ұрпақтан ұрпаққа жеткен екен. Ілгеріде Арқа мен Шу бойын қатар жайлаған Найман елінің кедейлері өз елінің байларына тапқан табысына ортақ болуға көлік жалдап Кәрік, Қаракен деген жерден тұз алып, оны Қаратаудың күнге бетіндегі елге алып барып, астыққа айырбастап, табысын теңдей етіп көлік иесімен бөліседі екен. Сондай бір шаруа қазақ серігімен бірге еліндегі байдан жалға 5 түйе мен екі жылқы алып Жайылма (қазіргі Сарысу ауданы) ауылының шетіне келіп түсіп, түнеп жатқанда көліктерінен айырылады. Қанша іздесе де табылмасына көз жеткен соң ертесіне Жексенбай есімді серігі екеуі Бабақұл отырған мешітке барып көмек сұрайды. Сонда Бабақұл сол елдегі Тәшім бимен кеңесе келіп Жайылмадағы барлық адамды мешіттің алдына шақыртады. Жиналған жұрттың көз алдында арасына екі қадамнан төрт қазық қақтырып, шаршы жасаттырады. Қазықтардың арасын уық баумен айнала байлатып, маймен байлайды. Шаршының ортасына киіз төсетіп, оның үстіне ақ жайнамаз жайдырады да үстіне Құран мен бір тапа нан қойдырады. Бабақұлдың өзі бірнеше сопыларымен құбылаға қарап тұрып дұға оқыған соң көпшілікке қарап: - Осы тұрған барлығыңыз жеке-жеке келіп, мынау Құранға тәу етіп аттап өтіп, наннан бір үзім жеп «Мен Жексенбайдың түйесінде екі атын да алған жоқпын, көрмедім де, егер жалған айтсам Құран мен нан ұрсын» деп жіптің екінші жағына қарай аттап кете беріңдер деп әуелі өзі артынан Тәшім би аттайды. Өзі жіптің құбыла жағынан «Біссмілләсін» айтып от қояды. Артынан сол жерге жиналған көпшілік аттай бастайды. Ешкімнің қашып кетпеуін, қалыс қалмауын қатаң бақылауға алады.

(Жалғасы 8 бетте).

Таскөмірсай Теріскейдің ТӨЛ САЙЫ

Таскөмірсай кен орны бізге сонау аудан қырылмай тұрған, Октябрь революциялы дабыл қақпай тұрған 1900 жылдардан бері белгілі болатын. Осы Таскөмірсайда тұрған жеке байлар төрт түлік малдарын өзен суларымен, бұлақ суымен қамтамасыз еткен. Кейін қыдық қаздырғанда байдың жалшылары кәдуілгі тасқа ұқсамайтын өзгеше тасты байқап, байға әкеліп көрсетеді. Ауылдан алысқа бұрын соңды ұзап көрмеген жалшылар бұл тастың көмір екенін қайдан білсін. Ал бай болса бұл тастың көмір екенін біледі. Бірақ ешкімге жария етпейді. Сөйтіп қыдық қазылады. Суы тым тереңде, әрі түсі қошқыл, дәмі өзгеше болған соң пайдаланылмайды. Бай қыдықты тоқылған қамыспен жауып тастайды. Таскөмірсайдың бораны ерекше, табиғаты қатал, жазы аптапты ыстық, қысы аязы мен долы бұрқасыны, қалың қарынан малды апталап қорадан шығара алмайтын күндері әлгі қыдықтың суын шығырмен тартып пайдаланған екен. Сол жылдары Теріскей даласына алтын, күміс, орындарын іздеген ағылшындар келіп, мына Қарағұр жақтан жер бетінен қазып алып, өзен суларына шайып алтын алады. Қазіргі күнге дейін сол шұңқыр жерлердің көптігі сонша «Мыңшұқыр» деп аталады. Таскөмірсайдағы көмір бар екенін білген ағылшындар баяғы шұңқырдың қасынан қиялап, қиғашынан шахта қаза бастайды. Оны екі адамнан төрт адам қатар тұрып айналдыра шығырмен бұрап төменге түсіріп, қайта шығарып отырған. Кейін көмірдің пробасын елдеріне апарғанда әлі де толық піспегенін біледі. Бүгінде ағылшындар орналасқан үй қырдың басында оқшау тұр. Осы уақытқа дейін қаншама жайлар салынып, қайта бұзылып кетті. Іргетасынан бастап жақсы, сапалы салынғандықтан осы уақытқа дейін сол қалпында тұр.

1937-1941 жылдары өзге аудан, облыстар сияқты біздің ауданға да депортацияланған, қазақы тілмен айтсақ жер аударылған өзге ұлт өкілдерін айдап әкеледі. Олар шешендер, поляктар, украин (бандера) ұлт өкілдері болатын.

Солардың бірі украин қызы Дементаева Мария Григорьевна деген мамандығы медбике қыз Қостанай арқылы келген. Кейін 1942 жылдары өз еркімен сұранып майданға аттанады. Сондай-ақ, Таскөмірсайға



орналасқан өзге ұлт өкілдерінің бірі Шешенстаннан келген Лабазанов Мұхамедтің отбасы. Созақ ауданының халқына Лабазан деген есімімен танымал. Мұхамед алдымен Сергодағы шахтада жұмыс атқарады. Ол жерде түрлі ұлт өкілдері бас қосып, қырық рулы ел дегендей, жан-жақтан қашқан-пысқан, түрлі қылмысы бар түрмеден қашқан соғыстан қашқандар көп болады. «Бір күні бір тілі ащы біреуін өлтіріп қоярмын» деп қайтадан Таскөмірсайға келеді. Мұнда ұзыннан ұзақ жұмысшылар жататын барак болған. Магазині, аптекасы, (медпункт) болады. «Еңбек» колхозының кеңсесі де осы жерде болады. Әлгі ұзын баракта қуғын-сүргінмен

жерде заготбаза құрылады. Біздің тілде мал өнімдерін дайындау мекемесі болады. Алдында ғана шахтаның бастығы болып, жұртты жұмысқа шебер ұйымдастыра білетін қабілетімен көзге түскен Лабазанов Мұхамедке мал дайындау мекемесінің басшы лауазымын сөніп тапсырады. Сөйтіп Лабазанов Мұхамедтің есімі дүркіреп Созақ ауданынан облысқа тарайды. Райкомның бірінші хатшылары, орынбасарлары, совхоз басшылары Мұхамедті өздері іздеп келіп сәлем береді екен.

«Ұлы Отан соғысынан кейін менің атам Нұртаев Әжембай шахта басшысы болған. Шешен ұлт өкілдері

бауырымыз. Шахта сол жабылғаннан 1996 жылы белгілі кәсіпкер, сол уақыттағы «Оңтүстік» компаниясының президенті Серікжан Сейітжанов ашқанға дейін ұзақ жылдар жабық болады. Себебі, көмір әлі жетілмеген, шикі күйінде дейді сол уақыттағы зерттеуші мамандар.

Тәуелсіздік алғанымызға 4-5 жыл ғана болған. Бір жүйеден екінші жүйеге өтіп, елді сарсаңға салған уақыт болатын. Жұмысшыларға еңбек ақы төлеу мұң, бюджеттік мекемелер 6-7 ай, зейнеткерлер зейнетақысын 5-6 айлап ала алмай, дүкен сөрелері қаңырап, жұмыссыздың саны артқан, жұрттың қолы қара нанға да жетпей диірменге бидай тасыған, қорада шаң басып жатқан баяғы қол диірмендерін іздеген уақыт болатын. Сол кездегі аудан әкімі Таскөмірсайды қайта ашып, көмірі шикі болса да үйін жылытуға жарайды деп есептеп, өте төменгі бағамен халыққа үлестіреді. Жағдайы төмен, мүгедек, жетім, жесір, соғыс ардагерлеріне тегін таратуды ұйымдастырды. Асылбеков Әнуар, Нышанбаев Фазиз деген азаматтар компания тарапынан осы Таскөмірсайға басшылық жасады. Елдің ризашылығы мен алғысына бөленді. Қиын шақта, тар жол, тайғақ кешкен уақытта халықты тар соқпақтан, тоқырау мен қымбатшылықтан жетелеп алып шыққан Таскөмірсай шахтасына ел разылығын білдірді.

Кейін 60 жылдардан кейін Таскөмірсайға аудандық жол мекемесінің жылыту бекеті орналасты. Онда жол қыстығын қалың қар басып жабылып қалғанда ДЭУ мекемесінің қызметкерлері, жұмысшылары жататын,

техникалары кез-келген жағдайға сақадай сай тұратын орын болды. Онда біз білетін Сейсенбиев Шәмші, Төлепбеков Мақсан, Қазбеков Жарылқасын, Сәдуақасов Бекен, Солтеков Әліпбек, Бәйдібек ауданы жағынан Аңламасов Аппаз деген өз істерінен шеберлері, ұйымдастырушылық қабілеттері мол, жоғары деңгейдегі басшы азаматтар халыққа қалтқысыз қызмет етті. Таскөмірсай кен орны аудан орталығын 37 км-дей жерде орналасқан. Отын энергетикалық қорлары бойынша Қазақстанда бұл қор түрлерінен тас көмір, қоңыр көмір, мұнай, табиғи газ, және жанғыш тақтатастар таралған. Тас көмір өндіретін өңірлер Екібастұз, Майкүбі, Қарағанды, Кендірлік, Таскөмірсай, Алакөл кен орындары.

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің бірлескен 15 қазан 2015 жылғы №329 қаулысы мен ОҚ облысы мәслихатының 30 қыркүйек 2015 жылғы №42 І342 –V «ОҚ облысы, Созақ ауданындағы бір қатар елді мекендерді жою, тарату туралы» шешімі негізінде Таскөмірсай таратылған.

Кезінде сол тоқырау жылдарында 2-3 жыл қатарынан қыстың қарлы, боранды, аязды болуынан бірқатар аудандарда қара тал, терек түгілі жеміс ағаштары оталып жойылып кетті. Біздің ауданда алдымен қыдайдың шарапаты, одан кейін осы Таскөмірсайдың арқасында ағаштар, жасыл желектер аман қалды. Одан бері де осы төңіректе кәсіпкерлік сала дамып, шаруа қожалықтары пайда болып Мұсан Әбілдаев, Олжабек, Лабазанова Рашат деген жеке кәсіпкерлердің кәсіпкерлік нысандарына айналды. Шөбін шабады, малдарын жаяды. Халықты жүнмен, етпен, айран, сүт, құрт, ірімшікпен қамтамасыз етеді. Өздеріне де, елге де, аудан жұртшылығына да, ары бері қатынаған жолаушыға да пайдасы мол болды.

Әлде де кеңінен жазу үшін Таскөмірсайдың тарихы туралы білетін, ойларында жүрген естеліктері бар, елге еңбегі сіңген, бірақ есімдері елеусіз қалған бірлі-жарым кісілердің есімдері естеріне түскен азаматтар болса редакцияға хабарлассаңыздар екен.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.



келгендер тұрады. Содан Таскөмірсай шахтасы 1940 жылдары жұмыс жасай бастады. Қазылған көмірді Сергоға тасиды. Онда қорғасын зауыты болатын. Ұлы Отан соғысынан кейін Таскөмірсай қайта жабылып, совхоз құрылған жылдары Жартытөбе совхозының №2 фермасының қарауында болды. Сөйтіп бұл

жер аударылып келгенде, атамыз сол кісілерге төлқұжаттарын жасатып берген екен. Ол құжаттарды мен С.Қожанов атындағы өлкетану музейіне өткіздім. Сондай-ақ Говарлюк Трифан деген украин ұлтының азаматы осы шахтада ұста болған екендейді Әжембай ақсақалдың немересі Дәурен

Өсімдіктер карантині саласында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер

Көдендік одақ комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы «Еуразиялық экономикалық одақ аумағында карантиндік фитосанитариялық бақылау(қадағалау) жүргізу тәртібі туралы» №318 шешіміне және Қазақстан Республикасының 1999 жылы 11 ақпандағы «Өсімдіктер карантині туралы» заңының талаптарына сәйкес, Қазақстан Республикасы аумағына басқамемлекеттерден немесе карантинді аймақтан карантинді объектілердің әкелінуінен немесе өз бетімен енуінен қорғау мақсатында, Қазақстан Республикасының аумағында карантинге жатқызылған өнімдерді (көкөніс өнімдерін) тасуға карантиндік сертификаттар, ал Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуге фитосанитариялық сертификаттар алу міндеттелген.

Аталған заңнамаларды бұзған жағдайда, Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің» 400-баб, 1-бөлім, 16-тармақшасымен әкімшілік шара (жеке тұлғаға – 20 АЕК, шағын, орта кәсіпкерлер субъектілеріне – 30 АЕК көлемінде айппұл) қолдануға әкеп соғады.

Сертификаттарды беру мемлекеттік көрсетілетін қызмет болғандықтан, ауыл шаруашылық тауар өндірушілеріне Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы,

С.Қожанов көшесі 19 ғимаратында орналасқан Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігі агроөнеркәсіптік кәсіпкерлер мемлекеттік инспекциясы комитетінің Созақ аудандық аумақтық инспекциясында рәсімделеді.

«Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден және бөтен текті түрлерден қорғау жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жыл 29 маусымдағы №15-8/590 санды бұйрығына сәйкес Созақ аудандық аумақтық инспекцияның мемлекеттік қызмет көрсету жұмыс кестесі дүйсенбі мен жұма аралығында, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, мемлекеттік қызметтер көрсетіледі. сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліс, өтінімдерді қабылдау сағат 9-00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға электрондық және қағаз түрінде ақысыз (тегін), алдын ала жазылуы, жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі. Сертификат алу үшін, жеке куәлігіңіз және өкілдің өкілеттігін растайтын құжат (сенімхат) болуы қажет. Ал карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуге фитосанитариялық сертификатты алу үшін, сон-

дай-ақ импорттерелдің өсімдіктер карантині бойынша ұлттық қызметінің өсімдіктер карантині саласындағы талабын ұсыну, жеке куәлігіңіз және өкілдің өкілеттігін растайтын құжат (сенімхат) болу керек.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға мыналар негіз болып табылады:

Өтініш берушінің карантинге жатқызылған өнімді тексеріп қарауға ұсынбауы.

Карантинге жатқызылған өнімде карантиндік объектілердің анықталуы.

Импорттаушы елдің фитосанитариялық талаптарына сәйкес еместігінің анықталуы.

Өтініш берушінің фитосанитариялық сертификат алудан өз еркімен бас тартуы.

Уәкілетті органның тиісті аумақтық бөлімшелеріне ақпараттарды алғаннан кейін күнтізбелік 30 күн ішінде бірнеше рет (2 рет және одан көп) көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамына карантинге жатқызылған өнімді хабарламау және ұсынбауы.

Қажетті ақпарат алу үшін, Созақ аудандық аумақтық инспекциясына хабарласуға болады.

**ҚР АШМ АӨК МИК-нің,
Созақ аудандық аумақтық инспекциясы.**

Жемқорлық індеті - айналасын шырмалмай шырмал, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен паралаудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуы-

лықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір

Кеселді келмеске жіберейік

мыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылды барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушы-

мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдеті түседі. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті. Осы бағытта берік ұстанған Созақ аудандық статистика басқармасы ұжымы ауызбіршілік пен ынтымақта қасіретті дерттің алдын алуда бірлесіп жұмыстар атқаруда.

**Нұрбану
СУЛТАНҒАЗИЕВА,
Созақ аудандық статистика басқармасының бас маманы.**

Ынсапсыздарға ырық бермейік

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын орындаудың бірыңғай механизмі қалыптастыру, барлық мемлекеттік органдардың іс әрекеттерін үйлестіру мен елдің даму стратегиясын оның ба-сымдылықтарын іс жүзіне асыру үшін жасалған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес пен оның міндеттерін нақтылау мен шектеу саласында мақсатты бағытталған мемлекеттік саясат азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне, мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби деңгейінің өсуіне әсер ететін сөзсіз. Сыбайлас жемқорлық елеулі зардаптарға әкеліп соқтыратын қауіпті жағдайлардың бірі. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын, мемлекеттік қызмет туралы заңдылық талаптарын іс жүзіне асыру мемлекеттік қызметкерлердің тәртібін нығайтуға мүмкіндік береді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес нағандық жұмыс емес. «Жемқорлық індет, оны жою міндет», демекші, жемқорлыққа қарсы күрес қоғамымызда бір сәт те толастамауы керек. Бұл күрделі жұмысқа құқық қорғау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, құқықтық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі бақылаушы органдар мен қоғамдық ұйымдар, бүкіл

халық болып белді бекем буып білек сыбана араласу қажет. Біздің міндетіміз мемлекет өмірінің барлық салаларындағы сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету. Азаматтардың құқықтық білім деңгейін көтеріп, билікке деген сенімді нығайтып, жеке меншікті әсіресе шағын және орта бизнесті дамытып, әлеуметтік және саяси тұрақтылықты нығайтып, бюджетке барынша пайда келтіру мақсатында бар мүмкіндікті тиімді пайдаланып, ел ырысын ысырап қылар ынсапсыздыққа ырық бермей отырсақ игі іс болар еді.

Осы орайда Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп Кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын Құмкент ауылдық округі әкімі аппаратының қызметкерлері бұзған жағдайда 4-7-24, 4-7-27, 8-700-467-93-72, 8-700-467-93-75 сенім телефондарына хабарласуларыңызға болады.

**Бақдәулет ӘБІШ,
Құмкент ауылдық округі әкімі аппаратының іс басқарушысы.**

Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп Кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын Құмкент ауылдық округі әкімі аппаратының қызметкерлері бұзған жағдайда 4-7-24, 4-7-27, 8-700-467-93-72, 8-700-467-93-75 сенім телефондарына хабарласуларыңызға болады.

«Созақ ауданының Құмкент ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Браконьерлікке жол жоқ!

Браконьерлік – жан-жануарларды қорғау туралы заңдар мен ережелерді қасақана бұзып, аң-құс, балық аулау немесе қырып-жою, сондай-ақ тиісті рұқсатсыз, тыйым салынған жерлерде, заңсыз аңшылық құру, сирек кездесетін және бағалы өсімдіктерді жинау. Браконьерлер сирек кездесетін һәм тұқымы құрып бара жатқан өсімдіктер мен жануарларды аулауға құмар келеді. Браконьерлердің заңсыз әрекетінен табиғатымыздағы көптеген сирек кездесетін жануарлар мен өсімдіктер зиян шегіп

жатыр.

Біздің аң шаруашылығы мамандары әрдайым браконьерлікке қарсы түрлі іс-шаралар жүргізіп отырады. Ол іс-шараның мақсаты – табиғат қорғау заңнамасын бұзушылықтарды, биологиялық ресурстар объектілері мен өнімдерінің заңсыз айналымын анықтауға және жолын кесуге, экологиялық қылмыстарды ашуға бағытталған. Табиғатты қорғаудағы біздің мекеменің қызметкерлерінің жұмысы толастамай, тиісті тәртіппен жүргізіліп отырады.

Құрметті аудан тұрғында-

ры! Табиғатты қорғау тәртіп сақшылары аң, балық аулау және ағаштар мен бұталарды кесу талаптарын бұзу, қоршаған ортаға елеулі зиян келтіру әрекеттері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартуға әкеліп соқтыратынын ескерттеді.

**Алтынбек ДҮЙСЕБЕКОВ,
«Қаратау» мемлекеттік табиғи қорығының аң шаруашылығы маманы.**

жеге қол жеткізуге болады. Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселелерінің бірі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсаймайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны айқын.

Жемқорлықпен күрес әрбір азаматтың міндеті, өскелең ұрпақ пен мемлекетіміздің даму жолында жемқорлықпен күресудің орны ерекше болып табылады. Созақ ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы сыбайлас жемқорлықпен күрес және оның алдын алу шарасы бағдарламасы аясында аудандық газетке мақалалар, сенім телефоны жариялап тұрақты күресіп келеді. Әрі бұл шара жалғасын таба береді.

**Қанат АҚБАЕВ,
Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі.
Б.АЛИЕВ,
Бөлім бастығы, азаматтық қорғау майоры.**

Жемқорлықпен бірге күресейік!

Жемқорлықпен күрес қылмыспен күресудегідей барлық талаптарға сай келуі тиіс, сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық бойынша қылмыс жасаған адамдарды жазалау мен шектелмеуі тиіс.

Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын сақтау мәселелері талқыланды «сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы, сыбайлас жемқорлықты түсіндіруге жол бермейді», әкімшілік іс жүргізу кодексінің талаптары, экстремизм мен діни терроризмнің алдын алу. Кездесу соңында дөңгелек үстелдің қатысушылары бірауыздан қорытындыға келді, бұл күрестің жемқорлыққа жол бермейтіні шексіз болуы керек. Тек бірлескен күш-жігер арқылы нәти-

